

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТ № 03

Алматы қ.

2025 жылғы 28 тамыз

«Мұхамеджан Тынышпаев атындағы АЛТ Университеті» акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрайымы – Президент-Ректор Жармагамбетова Меруерт Советовнаның атынан, бір тараптан, және

«Nurlab Medical Clinic No.1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Жұмакожаева Магираш Мустафаевнаның атынан, екінші тараптан,

бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп атала отырып, осы Қызмет көрсету туралы шартты (бұдан әрі — «Шарт») төмендегілер туралы жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1 Орындаушы осы Шартқа № 1 Қосымшаға сәйкес (бұдан әрі — «Қызметтер») Тапсырыс берушіге қызмет көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді қабылдап, осы Шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2 Осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын құжаттар:

— осы Шарт;

— сатып алынатын қызметтердің тізбесі (№ 1 Қосымша).

2. Шарттың бағасы және төлем шарттары

2.1 Осы Шарттың мәні — Орындаушының Тапсырыс берушінің студенттеріне Кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі (КТМКК) және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) шеңберінде № 1 Қосымшаға сәйкес, Шартқа қол қойылған күннен бастап медициналық қызметтер көрсетуі болып табылады.

2.2 Қызметтердің көлемі мен құны осы Шарттың № 1 Қосымшасында айқындалады.

2.3 Төлем жасау үшін қажетті құжаттар:

— қол қойылған Шарт;

— орындалған қызметтер туралы анықтама (акт);

— Орындаушы ұсынған шот-фактура.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1 Орындаушы міндеттенеді:

Осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындауға, оның ішінде:

Университеттің медициналық пункттері мен жатақханаларында «Nurlab Medical Clinic No.1» мекемесіне тіркелген студенттер мен қызметкерлерге үздіксіз медициналық қызмет көрсету үшін білікті дәрігерлер мен медициналық мейірбикелерді қамтамасыз етуге, оның ішінде:

- 1 жалпы тәжірибелі дәрігер;
- 3 медициналық мейірбике;
- кестеге сәйкес гинеколог-дәрігер мен акушер;

2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап алғашқы медициналық көмек көрсету үшін бір медициналық мейірбикенің тәулік бойы кезекшілігін ұйымдастыруға;

Жалпы тәжірибелі дәрігерлердің, бейінді мамандар мен психологтардың медициналық көмек көрсету, профилактикалық тексерулер, ашық есік күндері мен жаппай іс-шаралар өткізу үшін орынға шығу арқылы қызмет көрсетуіне;

Бекітілген кестеге сәйкес психологтар, әлеуметтік қызметкерлер және медицина қызметкерлерінің қатысуымен ақпараттық-ағартушылық іс-шаралар өткізуге;

Медициналық анықтамаларды беруге, оның ішінде санитарлық кітапшаларды (ақылы түрде) және 18 жасқа дейінгі студенттер үшін 075 нысанын тегін беруге;

Кеңес беру және қабылдауға жазу үшін тәулік бойы кол-орталықтың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

Медициналық пункттерді қажетті материалдармен, оның ішінде алғашқы көмек қобдишаларымен және шығын материалдарымен жабдықтауға;

Студенттер мен қызметкерлерге кез келген уақытта жедел медициналық көмек көрсетуге; спорттық іс-шаралар мен қабылдау науқандарын медициналық сүйемелдеуге;

ҰБТ, КТ, спорттық, көшпелі іс-шаралар өткізу кезінде және Әскери іс институтының студенттеріне медициналық қызмет көрсету кезінде міндетті медициналық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге;

Университет аумағындағы медициналық пункттерді вакциналармен және контрацептивтермен қамтамасыз етуге;

Кестеге сәйкес жылжымалы флюорографиялық қондырғының шығуын және медициналық тексерулерді жүргізуге.

Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз, осы Шартты орындауға тартылған персоналды қоспағанда және тек орындау үшін қажетті көлемде ғана, техникалық құжаттаманы немесе ақпаратты жария етпеуге;

Құжаттаманы немесе ақпаратты осы Шартты орындаудан өзге мақсаттарда Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз пайдаланбауға;

Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарттың орындалу барысы туралы ақпарат беруге.

3.2 Тапсырыс беруші міндеттенеді:

— Орындаушы мамандарының Қызметтер көрсетуі үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

— осы Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді қабылдауға және ақы төлеуге;

— осы Шартты үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерді орындау үшін пайдаланбауға (қосалқы мердігерлік).

3.3 Зертханалық зерттеулердің қанағаттанарлықсыз нәтижелері анықталған жағдайда Тараптар қосымша келісім жасасып, сынамаларды екі еселенген іріктеу, өндірістік процестерге, материалдарға, санитариялық жағдайға қосымша бақылау жүргізу арқылы қайта зерттеулер өткізеді және уәкілетті органды хабардар етеді.

4. Сәйкестікті тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері № 1 Қосымшада көрсетілген талаптарға Қызметтердің сәйкестігін тексеруге құқылы.

4.2 Қызметтер осы Шартта белгіленген стандарттарға сәйкес немесе одан жоғары болуы тиіс.

4.3 Орындаушының кінәсінен сәйкессіздіктер анықталған жағдайда кемшіліктер Тапсырыс берушіден қосымша ақы алмай, Орындаушының есебінен жойылады.

4.4 Осы ережелер Орындаушыны Шарт бойынша өзге міндеттемелерден босатпайды.

5. Қызметтерді көрсету тәртібі және құжаттарды рәсімдеу

5.1 Қызметтер № 1 Қосымшада белгіленген мерзімдерде көрсетіледі.

5.2 Есеп айырысу жүргізу үшін Орындаушы ұсынады:

— құны көрсетілген екі данада орындалған қызметтер актілерін;

— көлемі, бірлік бағасы және жалпы сомасы көрсетілген шотты.

5.3 Қызмет көрсету мерзімі: қосымшалар мен өтінімдерге сәйкес, 7 күнтізбелік күн бұрын хабарлау арқылы.

5.4 Қызмет көрсету орны: Алматы қ.

5.5 Қызметтер осы Шарттың талаптарына сәйкес толық орындалғаннан кейін көрсетілген болып есептеледі.

6. Кепілдіктер

6.1 Орындаушы Қызметтердің үздіксіз, уақтылы және сапалы көрсетілуіне кепілдік береді.

6.2 Барлық қателер мен кемшіліктер тегін жойылады.

6.3 Тапсырыс беруші барлық талап-арыздар туралы Орындаушыны жазбаша түрде уақтылы хабарлауға міндеттенеді.

6.4 Тапсырыс беруші мүдделер қақтығысының және Тараптардың аффилирленуінің болмауына кепілдік береді.

7. Құпиялылық

7.1 Осы Шартты орындау барысында алынған кез келген ақпарат құпия болып табылады.

7.2 Тараптар құпия ақпаратты рұқсатсыз жария етуден қорғауға міндеттенеді.

7.3 Ақпаратты үшінші тұлғаларға беру басқа Тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

7.4 Құпиялылықты сақтау жөніндегі міндеттемелер Шарт тоқтатылғаннан кейін 3 жыл бойы қолданылады.

7.5 Ақпаратты қызметкерлерге беру қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті көлемде ғана рұқсат етіледі.

8. Жауапкершілік

8.1 Орындаушының міндеттемелерді орындауды кешіктіруі жағдайында Тапсырыс беруші өз міндеттемелерін орындауды тоқтата тұруға және тек нақты көрсетілген Қызметтерге ақы төлеуге құқылы.

8.2 Бағаға немесе мерзімдерге әсер ететін кез келген өзгерістер қосымша келісіммен рәсімделеді.

8.3 Құқықтар мен міндеттерді басқаға беру басқа Тараптың жазбаша келісімінсіз жол берілмейді.

8.4 Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

9. Қолданылу мерзімі және бұзу

9.1 Шарт 2025 жылғы 1 қыркүйектен 2026 жылғы 1 наурызға дейін қолданылады.

9.2 Орындаушы банкрот немесе төлем қабілетсіз болған жағдайда Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

9.3 Шарт бұзылған кезде Орындаушы тек нақты жұмсалған шығындардың өтелуін талап етуге құқылы.

9.4 Міндеттемелерді орындау мерзімдері бұзылған жағдайда Шарт бұзылуы мүмкін.

9.5 Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

10. Форс-мажор

10.1 Тараптар еңсерілмейтін күш мән-жайлары салдарынан міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

10.2 Форс-мажор мән-жайларынан туындаған кідірістер үшін айыппұл санкциялары қолданылмайды.

10.3 Форс-мажор мән-жайларына әскери қимылдар, табиғи апаттар және өзге де осыған ұқсас оқиғалар жатады.

10.4 Форс-мажор әсеріне ұшыраған Тарап екінші Тарапты дереу хабардар етуге міндетті.

11. Дауларды шешу

11.1 Барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

11.2 21 күнтізбелік күн ішінде келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

12. Хабарламалар

12.1 Хабарламалар хат, жеделхат, телекс немесе факс арқылы, түпнұсқасын кейіннен жолдау арқылы жіберіледі.

12.2 Хабарламалар жеткізілген сәттен бастап немесе онда көрсетілген күшіне ену күнінен бастап жарамды болып есептеледі.

13. Өзге шарттар

13.1 Барлық өзгерістер мен толықтырулар тек жазбаша түрде рәсімделіп, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды болады.

13.2 Құқықтар мен міндеттерді беру тек басқа Тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

13.3 Шарт қазақ және орыс тілдерінде жасалды, екі мәтіннің де заңды күші бірдей.

13.4 Осы Шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.